



БҰЙРЫҚ

2022 жыл 16 қыркүйек

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 160

город Караганда


«ЗЕЙІН» әлеуметтік - педагогикалық жобасын жалғастыру туралы

4, 5-8 сынып оқушыларының жаһандық құзыреттілігін, оқу, ғылыми - жаратылыстану, математикалық, ақпараттық және қаржылық сауаттылық саласында функционалдық дағдыларын зерделеуге бағытталған «ЗЕЙІН» әлеуметтік-педагогикалық жобасының жүзеге асырылуын жалғастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Зейін» әлеуметтік - педагогикалық жобасын жүзеге асыру Қарағанды облысының барлық білім беру ұйымдарында жалғастырылсын;
2. «Зейін» жобасын білім беру ұйымдарына жалғастыру және жүзеге асыру бойынша жауапты тұлға ретінде білім бөлімдерінің әдістемелік кабинет меңгерушілері, әдіскерлері, білім беру ұйымдары директорларының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары тағайындалсын;
3. Білім беру ұйымдарының директорларына, оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарларына, жобаны іске асырушы жаттықтырушыларға әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетілсін;
4. «Зейін» жобасын жүзеге асыруда жаттықтырушылармен аудандық/қалалық деңгейде педагогтерді каскадты әдіспен оқыту ұйымдастырылсын;
5. Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар дайындалып, жинақтар, әдістемелік өнімдер әзірленсін;
6. Білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейлерін анықтау және нәтижелерін салыстыру мақсатында бақылау топтары/сыныптары анықталсын және бекітілсін;
7. Функционалдық сауаттылықты дамыту негізінде «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы аясында шығармашылық зертханалар, шеберлік сыныптардың өткізілуі ұйымдастырылсын;
8. «Зейін» жобасын жүзеге асыру негізінде пәндер бойынша мұғалімдердің облыстық шығармашылық топтары құрылсын, үйлестіру жұмыстары пән әдіскерлерімен ұйымдастырылсын;

9. Қарағанды облысының барлық білім беру ұйымдарында «Зейін» жобасы аясында функционалдық сауаттылық апталықтары өткізілсін;
10. «Зейін» жобасын жүзеге асыру мен әдістемелік қамтамасыз ету жұмысын үйлестіру оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Г.Сулеймановаға жүктелсін;
11. «Зейін» жобасының жүзеге асырылуын Мектепке дейінгі және жалпы білім беру бөлімінің меңгерушісі Г.Мукашева басшылыққа алсын;
12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



B. Abdikerova

Б.Абдикерова

Таныстым: *Г. Мукашева*
Г. Сулейманова